



«Кселл» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының нәтижелерін жариялайды

Алматы, 4 ақпан 2015 года. «Кселл» акционерлік қоғамы (бұдан былай «Кселл» немесе «Компания») (LSE, KASE: KCEL) – табыс көлемі мен абоненттік базасы бойынша Қазақстанның телекоммуникациялық нарығындағы жетекші оператор 2015 жылдың 3 ақпанында өткен Акционерлердің кезектен тыс жиналысының (КТЖЖ) нәтижелері туралы хабарлайды.

КТЖЖ Директорлар кеңесінің мүшелік құрамын алтыдан жетіге дейін арттыруды мақұлдады. Дуглас Гордон Луббе мырза, Fintur Holdings B.V акционерінің өкілі Кселл Директорлар кеңесінің жетінші мүшесі ретінде сайланды.

Қабылданған шешімдердің көшірмелері Кселл www.investors.kcell.kz корпоративтік сайтында жарияланады.

Дуглас Гордон Луббе

Дуглас Гордон Луббе TeliaSonera-дағы жұмысын 2014 жылдың шілдесінде Стамбұлда Еуразиялық аймақ жөніндегі Бас қаржы директоры ретінде бастаған болатын. 1997 жылдан бастап Луббе мырза Vodacom Group компаниясында жұмыс істеп, түрлі басқарушы лауазымдарға ие болды. Vodacom Group компаниясындағы жұмысы барысында Луббе мырза Vodacom Tanzania (Танзания), Vodacom DRC (Конго), Vodacom Mozambique (Мозамбик), Vodacom Lesotho (Лесото), Gateway Carrier Services, Vodacom Business Africa, сондай-ақ Vodacom International Limited Mauritius холдингісі (Маврикий) сияқты компанияларда Директорлар кеңесінің мүшесі және Директорлар кеңесінің жанындағы түрлі комитеттердің төрағасы болған. 2012 жылдың сәуірінен бастап қыркүйегіне дейін Vodacom Mozambique уақытша басқарушы директоры болды, мұнда оның келуінен кейін үшінші байланыс операторы табысты енгізілген, сондай-ақ сатылымдар мен дистрибуция желісін толығымен қайта құру жобасы басталған болатын. 2013 жылы Дуглас Vodacom Group Бірігу және жұтылу бөліміне ауыстырылып, мұнда ол Оңтүстік Африка компанияларымен орнықты байланыс операторларын біріктіру жөніндегі аяқталмаған жобаның интеграциясына жауап берді. Дуглас Гордон Луббе диплом алған бухгалтер және Оңтүстік Африка диплом алған бухгалтерлер институтының тіркелген мүшесі болып табылады. Дуглас сондай-ақ Австралияда Оңтүстік Квинсленд Университетінде іскерлік әкімшілік саласында магистр дәрежесіне және Оңтүстік Африка Университетінің әкімшілік іскерлік саласында дипломға ие.

Сұранымдар үшін:

Кселл
Инвесторлармен байланыс
Ирина Шоль

Тел: +7 727 2582755, қос. 1205

Investor_relations@kcell.kz

БАҚ

Наталья Еськова

Тел: +7 727 2582755

Pressa@kcell.kz

Халықаралық БАҚ

Instinctif Partners

Леонид Финк, Галина Кулачек, Тони Френд,
Кей Ларсен

Тел: +44 207 457 2020

Компания туралы жалпы деректер

Kcell қосымша құны бар дауыстық байланыс қызметтерін көрсетеді, оның ішінде қысқа хабарламалар сервисі, мультимедиялық хабарламалар және мобильді контент-қызметтері сияқты қосымша қызметтерді (VAS), сондай-ақ Интернетке қолжетімді қосқанда деректерді беру қызметтері. Компания екі бренд ұсынады: ең алдымен, корпоративтік клиенттерге (оның ішінде мемлекеттік ұйымдарға) бағытталған Kcell бренді және, ең алдымен, жаппай нарық абоненттеріне бағытталған Activ бренді. Компания өз қызметтерін Қазақстан Республикасының халық орналасқан барлық дерлік аумағын ұялы байланыспен қамтыған.

2012 жылдың желтоқсанында Kcell Лондон қор биржасында ЖДҚ және KASE-те өзінің жай акцияларын сәтті орналастырды. Баға бір ЖДҚ үшін 10,50 АҚШ доллары және бір акцияға 1,578.68 теңге көлемінде орнатылды, мұнда бір ЖДҚ бір акцияға тең. Ұсыныс Kcell жарғылық капиталының 25 пайызын құрайтын TeliaSonera-ға 50 млн. акцияны сатудан тұрды. TeliaSonera тікелей немесе жанама түрде компанияның 61,9% жай акциясына ие.

Kcell Қазақстан Республикасындағы мобильді деректерді беру өсімінің айтарлықтай әлеуетінен пайда көруді жоспарлауда. Компания қамту аймағын кеңейту мақсатында 3G желісін жаюға инвестиция құюды жалғастырмақ. Kcell өз өнімдері мен қызметтерін бәсекеге төзімді бағаларға ұсыну, желінің жоғары сапасын сақтау мен бренд құндылығын арттыру арқылы табыс көлемі мен абоненттер саны бойынша өзінің жетекшілігін сақтап қалуға талпынуда.